

Саутгемптон университеті студенттерді шақырады!

Біз туралы

Саутгемптон университетінің негізі 1862 жылы қаланған (бастапқыда Хартли институты деген атпен белгілі болған) және ол қазір Ұлыбританияның ең үздік университеті, беделді Рассел тобының (Ұлыбританияның ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын 20 жетекші университеті) мүшесі, сондай-ақ, дүние жүзіндегі ең үздік 100 университеттің қатарына кіреді (Times Higher Education апталық газетінің әлемдік университеттер рейтингі).

Саутгемптонда тұру және оқу қайталанбайтын қызғылықты тәжірибе. Біздегі ең жаңа технологиялар деңгейіндегі құрал-жабдық пен денсаулыққа қолайлы орта жеке адамның табысқа жетуі үшін керемет жағдай жасап, болашағына зор мүмкіндіктер береді.

Саутгемптон университеті шын мәнінде көп профильді және халықаралық университет, онда 22000 студент, соның ішінде Еуропа елдерінен келген 1400 студент және Еуропа Одағынан тыс 130 елден келген 3400 шетелдік студент оқиды.

Орналасқан жері

Университет өте тамаша орында, Англияның солтүстік жағалауында, Лондонның орталығы мен Хитроу әуежайынан шамамен бір сағаттық жерде және жетуге оңай жазық ауылдық аймақта орналасқан. Біздің студенттік қалашықтарымыздың бесеуі Саутгемптонда және біреуі Уинчестерде орналасқан, онда өнер саласындағы студенттер оқиды.

Саутгемптон да басты халықаралық порт болып қалуда, әрі ол тірлігі қайнаған көңілді қала. Туристер көп келетін Уинчестер, Солсбери, Борнмут қалалары жақын орналасқан, сондай-ақ, Нью-Форест ұлттық паркі мен әлемге әйгілі Стоунхедж де алыс емес. Университеттің автобус қызметі (Uni-link) университеттің Саутгемптондағы барлық корпустарының, қала орталығы мен негізгі көлік тораптарының арасында сенімді әрі жиі байланысты қамтамасыз етеді.

Біздің өнер саласында оқитын студенттер Англияның ежелгі астанасы Уинчестердегі ғимараттарда орналасқан. Шамамен 38 000 тұрғыны бар бұл қала Ұлыбританиядағы қоныстануға ең қолайлы жерлердің бірі болып саналады.

Шетелдік студенттер үшін жасалған жағдайлар

Ұлыбританияға шетелден оқу немесе ғылыми зерттеумен айналысу үшін келу аса үлкен міндеттеме. Университеттің шетелдік студенттермен жұмыс жөніндегі бөлімі және басқа да департаменттері шетелдік студенттердің жаңа ортаға мүмкіндігінше тез бейімделіп, Саутгемптон университетінде болған уақытын барынша тиімді өткізуіне көмектесу үшін бірлесіп жұмыс істейді.

Шетелдік (Еуропа Одағынан емес) студенттердің біздің жатақханаларда тұруына бүкіл оқыған кезеңі ішінде кепілдік беріледі (тиісті талаптар мен ережелер қолданылады). Халықаралық бөлім жыл сайын қыркүйек айында Лондондағы Хитроу әуежайынан қарсы алу бойынша тегін қызмет көрсетуді ұсынады және оқуға жаңадан түскен студенттерге арналған бейімделу аптасын ұйымдастырады. Сондай-ақ, барлық шетелдік студенттер үшін университеттің виза жөніндегі бөлімі тегін әрі құпия сипатта кеңес береді, виза алу мен иммиграция жөнінен қолдау көрсетеді.

Спортпен және шығармашылықпен айналысуға арналған тамаша ғимараттар, сондай-ақ, 200-ден астам клубтар мен бірлестіктер (спортшылар одағының клубтары және мексикалық, жапондық, малайзиялық, парсы және еуропалық бірлестіктер сияқты студенттік бірлестіктер) студенттердің бұл жердегі уақытын көңілді өткізуіне көмектеседі!

Толығырақ ақпарат алу үшін біздің веб-сайтты қарап шығыңыз және қандай да бір сұрақтарыңыз болса, шетелдік студенттермен жұмыс бөліміне хабарласыңыз.

Веб-сайт: www.southampton.ac.uk/international

You Tube: <http://www.youtube.com/UoSinternational>

Twitter: <http://twitter.com/UniSotonIntl>

Facebook: <http://twitter.com/UniSotonIntl>